

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 26.06.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского гуманитарного
института имени А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 26.06.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhana L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 26.06.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS		
АЙДАРБЕК Қ.Ж. ИМАНБЕРДИЕВА А.Б. АККУЗОВА А.А.	Қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктері	7
АЛТАЙ А.А. АБЫЗОВА А.М.	Лингвистикалық интеллект: ғылыми категория ретінде	23
BAZARBEKOVA D.M. KURMANOVA Z.K. AKHMETOVA B.Z.	Frame modeling of the «Ulytau» concept	32
БАЛТАБАЙ Д.Ә.	«Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін кейбір топонимдер мен этнонимдердің этимологиясы	44
YESSENBAYEVA A.E. ҮБЫРАЙҰМ А.О.	Linguistic mechanisms of implicit evaluation in Kazakh and English media discourse	56
ЕСКЕРМЕСОВА Г.А. ЕРМЕКОВА Т.Н. ШОЙБЕКОВА Ғ.Б.	Этномәдени бірліктердің жасанды интеллект арқылы аударылуы: машиналық аудармалар және оның сапасын бағалау	66
ЖАРКЫНБЕКОВА Ш.К. ШАХПУТОВА З.Х.	Репрезентация семейных ценностей в автохтонном художественном дискурсе	78
KORBOSSYNOV B. K. BORANBAYEV S. R. SERKEBAYEVA G.Y.	Tudy of the law of singormanism in Turkic languages	88
КУЛЫНТАЕВА Т.Б. ДЖАМБАЕВА Ж.А. НУРГАЗИНА А.Б.	Қазақ тіліндегі «уақыт» концептісі: семантикалық өріс және тілдік репрезентация	102
ҚАМБАРОВА Б.Ғ. БЕЙСЕНБЕКОВА Г.Т. ШАДИЕВА Н.Х.	Жас когорталарының (X, Y, Z, Alpha) әлеуметтік желідегі коммуникативтік ерекшеліктері	114
ҚАПАЛБЕК Б.С. АЛПЫСБАЙ Ә.Р. ТҮРКБЕНБАЕВА М.Ж.	Жыйырманшы деп жазу қай норма?	126
ҚҰСАЙЫНОВА Ж.А. НАСЫРИТДИНОВА Ә.Н.	«Сенімсіздік» модальді реңкінің мәтіндегі көріністері	136
САГИДОЛДА Г.	*Қазіргі түркі тілдеріндегі бас киім атауларының атауыштық-уәждемелік және лингвомәдени сипаты	148
САДЫҒҰЛ Т.Қ. ЕРҒАЛИЕВА С.Ж. УАЙХАНОВА М.А.	Особенности интернет-дискурса в цифровом пространстве Казахстана	159
SULTANOVA S.M. MUKHTAROVA S.S. TOXANBAYEVA T.ZH.	Ethnocultural specificity of suffixal word formation in Russian, Kazakh, and English: on the question of the linguistic worldview	171
ХАИРЛАЕВА Г.Ж. АСАНБАЕВА С.А.	Қазіргі мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі қоғамдық-саяси аударма: әлеуметтік-лингвистикалық аспекті (қазақ-орыс тілдері материалдары негізінде)	183

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES		
АЙМУХАНБЕТОВА М.Е. КАРТАЕВА А.М. БИЯРОВ Б.Н.	*Киелі Алтайдың табиғаты мен топонимикалық аңыздарының көркем шығармадағы көрінісі	193
АМИРОВА Л.Т., ТАНЖАРИКОВА А.В.	Мистикалық әңгімелердегі акустикалық детальдың қызметі	203
ГАЗИЗОВ Г.Д. КЕМЕҢГЕР Қ.Р.	*Кеңес дәуірі әдебиетінде Алаш арыстарының көркем бейнесі (С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармалары бойынша)	212
ЛАПШИНА Н.В. РАДЧУК О.А.	Особенности перевода стилистических средств в художественном произведении (на материале повести Джека Лондона «Белый клык»)	220
МУСАБЕКОВ К.А. КОШИКБАЕВА Г.Д. АЛТЫНБЕКОВ Ш.Е.	Абсурд – художественный метод в пьесе Дулата Исабекова «Ескерткіш операциясы»	230
СӨМЕНҚЫЗЫ Ұ. ҚҰЛБАРАҚ С.О. САМБЕТОВА Г.	М.Х. Дулати мұралары академик Ә.Дербісәлі зерттеуінде	240
СОЛТАНАЕВА Е.М. ӘБДИМАНҰЛЫ Ө. ШОРТАНБАЙ Ш.	М. Жұмабайұлының шығармашылығы деколониялық дискурста	250
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б. САМАТОВА Ш.Ө.	Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм: поп-арт пен тұрмыстық заттар эстетикасы	260
JURKOWICZ PH. SAILAUKYZY A. TUSSUPOVA G.B.	Alash heritage in national brand formation: a literary, journalistic and intellectual perspective	271
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ / МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ / METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE		
ҚАЛЫБАЕВА Қ.С. ЗАЙСАНБАЕВ Т.К.	А. Байтұрсынұлының сауат ашу құралдары және әдістемесі	280
МҰХАМАДИ Қ.Т.	Монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілері	291

*А.А. АЛТАЙ¹ А.М. АБЫЗОВА² 

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан ^{1,2}
(e-mail: altai.aidyn@bk.ru¹, rakhimova-86@mail.ru²)

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТ: ҒЫЛЫМИ КАТЕГОРИЯ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі ғылым парадигмасындағы тың категорияның бірі – «лингвистикалық интеллект» ұғымына кешенді зерттеу жүргізілді. Терминнің мазмұны және ғылыми анықтамасы бірнеше сатыдан тұратын талдау жұмыстары арқылы айқындалды. Қарастырылып отырған ұғымға қазақ ғылымы тұрғысында жүйелі түсініктеме беру талпысы жасалды. Ұғымның құрылымы әртүрлі ғылыми деректерге салыстырмалы талдау жасау негізінде ұсынылды.

Зерттеуде «лингвистикалық интеллект» ұғымының қалыптасу арналары және эволюциялық даму кезеңдері қарастырылды. Хронологиялық принцип негізінде категорияның ғылыми айналымға енуі мен өзектілігінің арту себептері анықталды. Ұғымды басқа сабақтас түсініктерден ажыратудың теориялық өлшемдері белгіленді. Лингвистикалық интеллектінің теориялық негіздері жан-жақты талданып, құрылымдық-логикалық тәртіппен берілді. Ұғымның аясына кіретін басты тілдік құзыреттіліктер мен олардың жүзеге асу формалары анықталды.

Қазіргі уақытта тіл мәселесінің ғылыми және әлеуметтік маңызының артуына байланысты «лингвистикалық интеллект» ұғымын кешенді әрі жүйелі зерттеу басты міндеттің бірі. Ұсынылған зерттеуде лингвистикалық интеллектінің сипаттамасы айқындалып, оны қарастырудың ғылыми ұстанымдары беріліп отыр. Болашақта ұғымды зерттеуді жалғастыру білім алушылардың лингвистикалық интеллектісін дамытудың айқындалып отырған басты аспектілерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: интеллект, лингвистикалық интеллект, тіл, ұғым, антропоэлекті зерттеу, когнитивті-концептуалды зерттеу, репрезентация, сөз, прагматика, коммуникация.

Кіріспе. «Лингвистикалық интеллект» ұғымы қазіргі ғылым парадигмасындағы тың категорияның бірі. Тіл біліміндегі антропоэлекті зерттеулер маңызының артуы аталған терминнің мән-мазмұнын ашу қажеттілігін туындатып отыр. Жалпы, XX ғасырдағы ғылыми ізденістер адам интеллектісінің бірнеше аспектіде қарастырылуына себепкер болды. «Интеллект (парасат, зият, ақыл) — индивидтің ақыл-ой қабілеттерінің біршама орнықты құрылымы. Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық үрдістер кіреді» [1]. Адамның ақыл-парасаты ең алдымен әлеуметтік құбылыс саналды. Бұл бағыттағы тұжырымдарға сай интеллект тұлғаның болмысы және психикалық келбетімен бірге зерделеніп келді. Ақыл қабілеті адамның қоғамдық ортамен байланыс орнатуына мүмкіндік беретін объекті болды. Алайда ғылыми зерттеулер «интеллект» ұғымының әр салада көрініс табатынын байқатты. Қазақ танымында термин «ақыл», «парасат» сөздері арқылы сипатталды. «Ақыл-парасат – ақылдың мүлдем жаңа білімдер қорыта алатын және шындықтың аса терең мәнін танып біле алатын жоғары жасампаздық қабілет ретінде қарастырылады. Адамның ақыл-ой немесе

интеллектуалдық қызметі объективті шындықты өзгертуге бағытталған қызметтің негізінде бейнелендіру болып табылады» [2]. Солайша, интеллект психикалық немесе зияткерлік процестерге қатысты ұғым болудан қалып, сала аралық күрделі зерттеулерді қажет ететін тұжырымға айналды. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде ұғымға «Интеллект [лат. intellectus] зат есім. Зияткерлік (адамның ойлау қабілеті; ақыл, ес)» [3] деген сипаттама ұсынады. Термин өзінің тілдік репрезентациясын арттырып келе жатыр. Уақыт өте келе интеллект адамның саналы өмірін айқындайтын мәдени, танымдық, аксеологиялық феноменге айналды. Зияткер ұрпақ, интеллектуал тұлға, интеллектуалды білім, интеллектуалдық сезім, интеллектуалдық ақпарат, интеллектуалды еңбек, интеллектуалды құқық, интеллектуализм, интеллектуалды меншік, интеллектуалды жүйе секілді жаңа тілдік бірліктер қалыптасты. Мұның барлығы «интеллект» ұғымының актуалдану процесін көрсетеді. Нысан әлеуметтік өмірден бөлек, лингвистикалық кеңістікте де мәнін арттырып келеді.

Адамның кәсіби өмірінде немесе басқа да түрлі жағдайларда өз ақылын қолдану қабілеті үлкен әсер етуші күшке айналды. Осыған байланысты, XX ғасырдың екінші жартысында шетелдік зерттеушілер интеллект түрлері мен қызметіне қатысты түрлі теориялар ұсына бастады. Г.Гарднер өз еңбектерінде интеллектті біртұтас жүйе емес деп пікір білдірді. Керісінше, оның бірнеше типтен тұратын анағұрлым күрделі конструкция деген болжам айтты. Өзінің «Frames of mind» еңбегінде интеллекттің 10 түрін айқындап, «лингвистикалық интеллект» ұғымын айналымға енгізеді. Оны басқа интеллект түрлерінен жоғары қойып, «лингвистикалық интеллект – тұлғаның жинақтаған білім қорын көрсете отырып, сөйлеу мен жазу арқылы көрініс табатын, іс жүзіндегі ақыл-парасат индикаторы» [4] деген пайымдау айтады. Бұл ғылыми пікір «тіл» мен «интеллект» категорияларының анағұрлым тығыз қарастырыла бастауына негіз болды. Осы мазмұндағы зерттеулерді басқа да авторлардың еңбектерінен байқаймыз. Т.Черниговская келесідей пікір білдіреді: «Огромную роль в ментальном мире человека играет язык, который не только обеспечивает основной вид коммуникации, но и является главным инструментом мышления: мы – не просто Homo sapiens, но Homo loquens. Мы утоплены в языке, кардинально от него зависим» [5]. Біздің ойымызша, аталған тұжырым тіл қызметін мүлде жаңа қырынан байқатады. Адамзат өміріндегі тіл маңызының уақыт өткен сайын артуы оны қарапайым қарым-қатынас шеңберінен шығарды. Бүгінде тіл тұлғаның барлық әрекет формасын қамтиды. Оның ментальды, когнитивті және интеллектуалды өмірінің өзегі болып отыр. Осы себепті де тілдің өз аясына жаңа қызметтерді топтастырғанын мойындау қажет. Тілдің ақыл-парасатпен байланысын бұған дейін іс жүзінде бірінші болып А.Байтұрсынұлы нақты білдіріп кеткен. «Өнердің ең алды – сөз өнері деп саналады. Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1.ақылға; 2.қиялға; 3.көңілге» [6, 154]. Тіл – өркениеттің ең басты жемісі саналды. Өз аясына интеллекттен тыс, басқа да танымдық қызметтерді тоғыстырғаны байқалады. Бұл дегеніміз тілдің адамдық сапаны айқындайтын аса күрделі құбылыс саналғанын дәлелдейді деп санаймыз. Түрлі зерттеулер тілдің ақыл деңгейін айқындайтын жүйе екендігін көрсетті. «Лингвистикалық интеллект» терминін нысан ретінде жан-жақты зерделеу тіл процестеріне жаңаша көзқарас қалыптастырып, тіл мен интеллект категорияларының арақатынасын іс жүзінде байқауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ұғымның теориялық және құрылымдық ерекшеліктерін белгілеу тілді меңгеру, пайдалану, қолдануда туындап жатқан жүйелі мәселелердің шешімін табуға жағдай туғызады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысында отандық және шетелдік авторлардың «лингвистикалық интеллект» ұғымына қатысты іргелі еңбектеріне анализ жасалды. Категорияға қазақ ғылымында нақты анықтама берілмегенін ескере отырып, объективті түйін жасау үшін салыстырмалы анализ қолданылды. Айқындалған басты ғылыми деректер ұғымның теориялық негіздерін жасауда пайдаланылды. Құрылымдық анализ негізінде объектінің құрамдас бөліктері, ауқымына кіретін бірліктер мен элементтер ұсынылды. Мақалада жүргізілген ізденістер когнитивті және концептуалды зерттеулердің қағидасына құрылды. Солайша «лингвистикалық интеллект» ұғымының танымдық кеңістігі белгілі болып отыр.

Зерттеу деректері компонентті және құрылымдық-модельдік анализ бойынша жүйелі ұсынылды. «Лингвистикалық интеллект» ұғымының компоненттерін жеке саралау арқылы ортақ жүйе қалыптастырылып, сипаттамалы әдіс арқылы берілді. Бірнеше аспекті мен зерттеу көзқарастарын жіті ұстану категорияның теориялық ірге тасын жасауға мүмкіндік туғызды. Хронологиялық зерделеу принциптері арқылы қалыптасуы мен дамуындағы спецификалық ерекшеліктері анық болып отыр.

Талқылау мен бақылау. «Лингвистикалық интеллект» ұғымы ғылыми қолданысқа енген сәтінен бастап түрлі сипаттамаларға ие болды. Алайда терминнің теориялық негіздері толық көлемде айқындалған жоқ. Бұл мәселені зерттеуге арналған жұмыстардың бірнеше санатын ажыра аламыз. Отандық ғылым тұрғысында тіл мен интеллектінің байланысы жайлы пайымдаулар ертеден кездеседі. Алғашқылардың бірі болып Әл-Фараби өз тұжырымдарын ұсынды. «Интеллект – қарапайым тұрғыда, адам жөнінде, парасатты адам жөнінде айтқан кезде қолданылады» [7, 55] дей келе, адам парасатының тілмен тығыз байланысты екенін аңғарады. Өзінің «Қайырымды қала» атты күрделі философиялық трактатында өркениетті ел жайлы толғамдарын ұсынды. Сондай-ақ, қаланың билеушісі туралы пікір білдіреді. «Жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсініп, айтылған сөзді сөйлеушінің ойындағысындай және істің жай-жағдайына сәйкес ұғып алатын болуы керек, алғыр да аңғарымаз ақыл иесі болуы шарт, өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдан анық айтып бере алатын ділмар болуы шарт» [8, 145] дейді. Әлемнің екінші ұстазы алдымен «интеллект» ұғымын адамның барлық әрекет ету формаларына басшылық ететін күрделі құбылыс ретінде айқындап алады. Оны басқа ойшылдардың еңбектері негізінде жіктейді. Өз ойын дамыта келіп, ақыл-парасаттың практикалық тұрғыда көрініс табуына тоқталады. Тұлғаның барлық артық қасиеттерін қайырымды қала басшының образына жинақтайды. Ондағы ең басты элемент – өткір ақыл иесі болу және өз ойын шебер жеткізе алатын қабілетті меңгеру. Ең бастысы ойшыл мінсіз адамға тән қасиет ретінде тіл мен ойды түйістіре алу дағдысын көрсеткен. Осындай мәндегі пікірді Ж.Баласағұн да айтады.

«Тілсіз кісі екі-ақ түрлі білерсіз,
Бірі-сақау, бірі-надан жігерсіз.
Сақау тілі – сөзге кеңде, анық тас,
Біліксіздің сөзі сөз боп жарытпас.

Біліксіздің тілін тиған жөн болар,
Білімдінің сөзін жиған жөн болар.
Сөздерінің бірі-қоқыс, бірі-қақ,
Надан жұртты теңер малға тілі жоқ!» [9, 163].

«Құтты білік» дастанында тілдің іс жүзінде қолданылу мәні қарастырылған. Ойшыл тілді адам ақылының айнасы деп танып, тілі кемді «надан» дейді. Тілді қолданушыларды «білімді» және «біліксіз» деген топтарға бөледі. Бұл адамның интеллектуалды дәрежесіне қарай, тілді қалайша қолдана алатынын, оның функционалдық мәнін білдіреді. Тілі кем, ойы күңгірт адамдарды артта қалған жұртқа балайды. Осы деректерге сүйене отырып, өткір тіл мен айқын ақылды тең қолданудың аксеологиялық құндылық болғанын, екіншіден, практикалық мәні бар екенін аңғарамыз. Демек, «лингвистикалық интеллект» ұғымы ертедегі қазақ ғалымдарының пайымдауларында көрініс тапқан. Ойшылдар бұл құбылысты тіл мен ақылдың тоғысуы деп санаған. Оған ділмар адамның асқан ақыл иесі деп есептелгенін дәлел етуге болады. Оппозициялық мәндегі сөйлеу қабілеті төмен адам ешқашан қазақ қоғамында құрметтелмеген. Осылайша, ұғым дәстүрлі қазақ танымында өзінің тілдік сипаттамаларын айқындады. Бұл пікірлер кейінгі зерттеулерде толысып отырды. Мәселен, М.Жұмабаев интеллектінің аясына тілді кіргізіп, оны қалыптастыруды тәрбиенің нысаны деп таныды. «Тіл – адам жанының тілмашы. Ойлаған ойын сыртқа шығарып, басқаға ұқтыра алса, адамның не арманы бар. Жазушы, ақын деген сөз – ойлаған ойын әдемілеп жарыққа шығара алатын адам деген сөз. Тілі кем болса, адамның қор болғаны» [10, 113]. Өз тұжырымда зерттеуші тілді психологиялық және когнитивті аспектілерде қарастырады.

Тіл жалаң коммуникация құралы емес. Тіл ең алдымен адамның белгілі бір жағдай, нысан немесе қоршаған ортадан түйген жеке тәжірибесін ой қорыту арқылы сыртқа шығару тетігі ретінде қарастырылған. Одан тыс, тіл адамның саналы өмірінің өзегі ретінде қарастырылды. Аталған ретте, ол «ақыл» және «болмыс» категорияларымен қарым-қатынасқа түседі. Өз пікірін жалғастыра отырып, «адамның толық мағынамен адам болуы тілдің арқасында» [10, 113] деп қорытады. Солайша, тіл адам сапасын айқындаушы бірлік болып шығады. Келесі назар аударатын жайт, ғалым жазушылар мен ақындарды ой мен тілді шебер қолданудың үлгісі ретінде көрсеткен. Г.Гарднер өз теориясында журналист, ақын, жазушы, көсем сөз шеберлерін жоғары лингвистикалық интеллект иелеріне жатқызады. Бұл ретте ұғымға берілген анықтамалар бір-бірін толықтырып тұр. М.Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде бала тілінің дамуын ақыл жетілуімен бірлестікте зерделейді. Психо-физиологиялық аспектіден бөлек, ана тілінде сөйлеу процесінің дүниеге келген сәттен басталатынын айтады. Сонда, адам ақылы мен тілі бір-бірін толықтыра отырып қалыптасады. Тіл – интеллект көрінісі мен оның іс-жүзінде көрініс табуы. Тілдің интеллектімен байланысын А.Байтұрсынұлы қолданбалы тұрғыда қарастырды. «Тіл – адамдық белгісінің зоры» дей отырып «Сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек» [11, 5]. Ғалым тілдің қолданбалы мәнін сөйлеу мен жазу дағдыларына бөліп зерделейді. Тілді барлық формада еркін пайдалану белгілі бір деңгейдегі тәжірибе мен қабілетті қажет етеді. Осы тұрғыда лингвистикалық интеллектінің жүзеге асуының екі негізгі формасы бар деп айтуға болады. Ол: жазбаша және ауызша сөйлеу. Адамның күнделікті өмірде тілді сауатты, дәл қолдануы, өз ойын кедергісіз білдіруі тілдік зиятының жоғары көрсеткішін білдіреді деп топшылаймыз. Отандық ғалымдардың зерттеулерінде лингвистикалық интеллектіні функционалды аспектіде қарастырып, баға берген бірінші зерттеушілердің бірі – Р.Сыздық. «Көркем әдебиет тілін зерттеудің негізгі мұраты - тілдің өзін емес, оның мүмкіншілігін көрсету» [12, 5] дей келе, жазушылардың көркем әдеби мұраларына тереңінен үңіле отырып, олардың шын мәніндегі лингвистикалық интеллектісін талдайды. Қаламгерлердің ақыл-парасат дәрежесіне қарай қазақ тіліне қосқан үлесін саралайды. Шын мәнінде қазақ әдебиетінде үлкен мұра қалтырған тұлғалар тек көркем шығарма жазумен ғана шектелген жоқ. Олар тілді жаңаша қолдану, жаңа тіркестер қалыптастыру, сөз мәнін ашу, тың мағына қалыптастыру секілді міндеттерді жүзеге асырған. Мұның барлығы жоғары деңгейлі лингвистикалық интеллектіні қажет етеді. Олар өз шығармашылығы негізінде тілді пайдаланудың жаңа үлгісін көрсетті. Әрі түрлі кезеңдегі қаламгерлердің өзіндік ерекшеліктері де бар. Бұл тілдік және интеллектуалды өзгерістерді білдіреді. М.Әуезов тілін зерттеу нысаны ретінде алып ғалым бір детальға назар аударды. «Фразеологизм дүниесі – тілдің байлығын да, образдылығын да танытатын ерекше элементтер. Оларды жазушы бүкіл шығармашылығында молынан пайдаланып отырған, жүздеген фраземаны өзі жасаған» [12, 16]. Тұрақты тіркестерді өндіру өте қиын процесс. Ол тілдік шеберліктен тыс, өткір ақыл мен жүйрік қиялды талап етеді. Осы себепті де фразеологиялық тіркестерді өндіру қабілетін лингвистикалық интеллектінің ең жоғарғы формасына жатқызуға болады. Өйткені бұл іс тілді қолданушы субъектінің шын мәніндегі интеллектуалды байлығын көрсетеді. Жоғарыдағы деректерді түйіндей отырып, қазақ ғылымының әр кезеңінде лингвистикалық интеллект ұғымына түрлі анықтама берілгені анық. Бұдан бөлек, тілдік зиятты дамыту, қалыптастыру мен оның аясына кіретін басқа да ұғымдар туралы пікірлер кеңінен кездеседі. Сонымен қатар, лингвистикалық интеллектіні нақты зерттеу мысалдарының да болғанын байқап отырмыз. Осылайша, бұл ұғым төңірегінде жан-жақты зерттеулердің жүргізілгені анықталды. Жалпы, қазақ ғылымы тұрғысында лингвистикалық интеллект – жеке тұлғаның ақыл-парасат дәрежесінің тіл арқылы көрініс таба отырып, тілді жоғары деңгейде мүлтіксіз мақсатқа сәйкес қолдана алу қабілеті деп айқындауға болады. Тұлғаның тілдік зияты ауызша және жазбаша формалар арқылы репрезентацияланады. Тілді қолданушылардың жеке шеберлігіне талдау жасай отырып, деңгейді де анықтауға мүмкіндік бар. Жалпы, лингвистикалық интеллектіні

айқындауға бағытталған ғылыми жұмыстар тек адамның тілге қатысын ғана анықтап қоймай, тілдің әлеуметтік өмірге ықпалын толық саралауға жол ашады.

«Лингвистикалық интеллект» ұғымы батыс зерттеушілерінің еңбектерінде дербес ғылыми ұғым ретінде қарастырылды. Басты ерекшелігі мұндай ізденістер концепцияның құрамдас бөліктері мен құрылымын айқындауға бағытталды. Р.Стернберг «лингвистикалық интеллект» ұғымын «вербалды түсінік» термині ретінде қарастыру анағұрлым дұрыс деген ой айтады. Оған келесідей анықтама береді: «Индивидтің түрлі көлемдегі лингвистикалық материалдарды түсінуге және қорытуға қабілетті болуы» [13]. Ғалым тілді түрлі жағдайда пайдалана алу ұзақ тәжірибенің нәтижесі деп санайды. Ең бастысы, сөздік қор мен оны орынды пайдалана білу қасиетін жоғары интеллект көрсеткіші ретінде айқындайды. Бұл ой «лингвистикалық интеллект» тұжырымының сипатына өте жақын. Бұдан бөлек, өз теориясында тілдік зиятты екі аспектіде зерделеген. Бірінші бағыт бойынша адамның тілді түсіну дағдыларының қалыптасуын зерттеу қажет десе, екінші бағыт бойынша тіл арқылы ақпаратты өңдеу қабілеті талданады. Солайша, адамның лингвистикалық интеллектісінің қалай орнығатыны практикалық тұрғыда белгілі болады. Оны «кристалданған зият» деп атайды. «Лингвистикалық интеллект» ұғымы Г.Гарднер мен Р.Стернберг жұмыстарынан бөлек кейінгі зерттеулер де қарастырылып келеді. F.Martinez, K.Zabolotskaya, W.Minker «Text categorization methods for automatic estimation of verbal intelligence» жұмысында тіл байлығын лингвистикалық интеллекті критерийлерінің бірі ретінде алған. Зерттеуде диалог, ауызша және жазбаша сөйлеу процестеріне анализ жасау арқылы лингвистикалық интеллектіні анықтау әрекеті жүзеге асқан. Авторлар лингвистикалық интеллектінің қатаң тілдік жүйе мен категориялар көмегімен айқындалатынын дәлелдеп, өздерінің әдістерін ұсынады [14]. Келесі бір зерттеулерде «лингвистикалық интеллект – тілді белгілі бір мақсатқа жету үшін пайдалну әрекеті» [15] деген анықтама беріледі. Тағы бір пайымдауларда лингвистикалық интеллект тұлғаның басқалармен тығыз және нәтижелі байланыс орната алу арқылы көрініс табады деген ой айтылады [16]. Сондай-ақ, адамның әлеуметтік ортамен байланыс орната алуы да оның бір сипаты ретінде танылады [17]. Бұл тұжырымдарды дұрыс деп санауға болады. Айтылған деректерге назар аудара отырып, лингвистикалық интеллект – біріншіден, адамның интеллектуалды әлеуетінің тілде көрініс табуы, екіншіден, тілді нақты мақсат негізінде пайдалану, үшіншіден, барлық тілдік дағдыларды шебер игеру деп анықтай аламыз. Ұғымды жаңаша зерттеу мүмкіндіктері қалыптасуда. Әсіресе жасанды интеллект жағдайында сыртқы факторлар мен тілді қолданушылардың мәдени ерекшеліктерін ескере отырып зерттеуді маңызды деп есептейміз. Бұл тенденция соңғы ғылыми ізденістерде көрініс тауып отыр [18]. Дегенмен лингвистикалық интеллектінің адам өмірінің ажырамас бөлшегі екені дәлелденді. Тұлғаның саналы әрекетіне жасайтын ықпалының зор екені де айқын болып отыр. Бұдан тілдің қоғамға әсерінің біз ойлағаннан да анағұрлым ауқымды болары анық. Сондықтан тілдік дағдылар арқылы лингвистикалық интеллектіні дамыту мен оған кері әсерін тигізетін факторларды ашу, тілдік зиятты дұрыс қалыптастырудың жолдарын айқындау ең басты міндет. Отандық және шетелдік зерттеулердің тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, «лингвистикалық интеллект» ұғымының жүйесін келесі сызба арқылы ұсынамыз.



Тіл – өзінің дербес қағидалары, құрылысы мен заңдылықтары бар күрделі жүйе. Тілдің осындай ерекшеліктерін тереңінен меңгеріп, оны жоғары деңгейде дұрыс қолдану, жаңа бірліктерді өндіруге қабілеттілік, лингвистикалық интеллектінің көріністері. Біз ұсынып отырған жүйе тілдік зияттың басты анықтамасы мен құрылымын қамтиды. Десе де тілге әсер етуші факторлар көп. Олар «лингвистикалық интеллект» ұғымының ғылыми негізінің толығымен ықпал жасауы мүмкін. Тіл мәдениеті, тіл тазалығы мен лингвэкологиялық фактор ұғымның теориялық ауқымын айқындай түсу үшін қарастырылуы керек деп ойлаймыз. Дегенмен біз өз зерттеуімізде «лингвистикалық интеллект» ұғымына теориялық анықтама бере отырып, оның шеңберіне кіретін басты мәселелер мен құзыреттіліктерін айқындадық.

Қорытынды. «Лингвистикалық интеллект» ұғымы философиялық, лингвистикалық, психологиялық және әлеуметтік компоненттері бар күрделі категория. Осыған байланысты зерттеу нысаны бірнеше аспект негізінде ғана объективті қарастырыла алады. Термин зерттеу жұмысында көрсетілгендей түрлі сипаттамалар мен тұжырымдарға ие. Оған түрлі кезеңде әралуан көзқарастар білдірілді. Лингвистикалық интеллектінің теориясы мен танымдық кеңістігін, жүйесі мен ерекшеліктерін талдауға қатысты ұстанымдар да көп. Біз мақалада әр кезеңдегі зерттеулер мен анықталған деректерді салыстыра отырып, ұғымның түйінді анықтамасы белгілеп отырмыз. Басты ақпарат көздерін саралау нәтижесінде феноменнің құрылымдық жүйесі де айқындалды.

Жүргізілген анализ бен талдау жұмыстары категорияның тарихи тұрғыда маңызы жоғарылап келе жатқанын көрсетіп отыр. Лингвистикалық интеллект тұлғаның жеке қабілет ауқымымен шектелмей, қоғамдық, аксеологиялық, мәдени аспектілерді де қамтиды. Сондай-ақ, тілдің әлеуметтік маңызының жоғары болуы оның интеллектуалды құзыреттіліктердің қалыптасу процесінде айқындаушы рөлге ие екенін байқатады. Қарастырылған ақпарат көздеріне сүйеніп, лингвистикалық интеллектіні тілдік-әлеуметтік концепция деп қабылдаған орынды.

Кейінгі кездері жасанды интеллекті мен жаңа технологиялардың тұрмысқа етене енуі, тіл мен табиғи интеллектінің мәнін жоғарылатып отыр. Сәйкесінше, тілдік құзыреттіліктерді дамытудың тетіктері қалыптастырылады. Одан өзге, лингвистикалық интеллекті зерттеуде ұлттық ерекшеліктерді де қамтып өту қажет. Айтылған деректер зерттеудің ауқымдылығын көрсетіп, лингвистикалық интеллектіні жетілдірудің жаңа тетіктері ұсынуға негіз болады.

Әдебиеттер

1. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі // URL: <https://sozdikqor.kz/soz?id=147009&a=INTELLEKT> (қаралды: 03.04.2025).
2. Нұрғалиев Р. Философиялық сөздік. 1996 // URL: <https://sozdikqor.kz/soz?id=147211&a=Aqyl%20nemese%20%C4%B1ntellekt> (қаралды: 03.04.2025).
3. Момынова Б., Сүйерқұлова Б., Фазылжанова А. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 2011 // URL: <https://sozdikqor.kz/soz?id=204027&a=Intellect> (қаралды: 04.04.2025).
4. Гарнер Г. Структура разума: теория множественного интеллекта. – М.: Вильямс, 2007. – 801 с.
5. Черниговская Т.В., Аллахвердов В.М., Коротков А.Д., Гершкович В.А., Киреев М.В., Прокопеня В.К. Мозг человека и многозначность когнитивной информации: конвергентный подход // Вестник Санкт-Петербургского университета. Философия и конфликтология. – №36(4). – 2020. – Б. 675–686. DOI: <https://doi.org/10.21638/spbu17.2020.406>
6. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармашалар жинағы. I том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
7. Әбу-Насыр әл-Фараби: 7 томдық жинағы. Т 2: Философиялық трактаттар – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2019. – 224 б.
8. Әбу-Насыр әл-Фараби: 7 томдық жинағы. Т 1: Қайырымды қала – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2019. – 248 б.
9. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік. Көне түрік тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы: Өлке, 2006. – 640 б.
10. Жұмабаев М. Шығармалар (әдеби басылым). 2- том Әңгіме, ғылыми еңбек, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер / Құраст. С.Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.
11. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. – Астана: Алашорда, 2022. – 384 б.
12. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 295 б.
13. Sternberg R. Beyond IQ: A triarchic theory of human intelligence. – Cambridge: Cambridge University Press, 1987. – 411 p.
14. Fernando F. Zablotskaya K. Minker W. Text categorization methods for automatic estimation of verbal intelligence // Expert Systems with Applications. – 2012. – № 39(10). – P. 9807-9820. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.eswa.2012.02.173>
15. Cianciolo A., Sternberg R. Intelligence: A brief history. Blackwell Publishing, 2008. – 187 p.
16. Nikolaev B. McGee J. Relative verbal intelligence and happiness // Intelligence. –2016. – P. 1-7. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.intell.2016.09.002>
17. Schipolowski S. Wilhelm O. Schroeders U. On the nature of crystallized intelligence: the relationship between verbal ability and factual knowledge // Intelligence. –2014. – P. 156-168. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.intell.2014.05.014>
18. Taubaev Zh.T., Sultan Y., Dautova G.R. The role of artificial intelligence in forming stereotypes in intercultural communication // Bulletin of the Eurasian humanites institute. – 2025. – №1. – P. 185-195. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.18>

А.А. АЛТАЙ, А.М. АБЫЗОВА

Жетысуский университет имени И.Жансүтүрова, Талдыкорган, Казахстан

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ИНТЕЛЛЕКТ КАК НАУЧНАЯ КАТЕГОРИЯ

Аннотация. В данной статье проведено комплексное исследование одной из основных категорий современной парадигмы науки – понятия «лингвистический интеллект». В целях определения научной характеристики термина выполнена исследовательская работа, состоящая из нескольких этапов. Впервые была предпринята попытка дать систематическое объяснение концепции в контексте казахской науки. Структура понятия представлено сравнением различных научных данных.

В исследовании рассмотрено формирования понятия «лингвистический интеллект». На основе хронологического принципа исследована проблема введения категории в научную терминологию. Были установлены специфические различия понятия. Теоретические основы были всесторонне проанализированы и даны в систематическом порядке. Определены основные языковые компетенции и формы реализации, входящие в структуру лингвистического интеллекта.

В связи с актуальностью проблемы языка в настоящее время одной из главных задач является всестороннее изучение рассматриваемого нами понятия. В данном исследовании, определяя основной характер лингвистического интеллекта, мы предлагаем основы его системного рассмотрения. Дальнейшее изучение понятия позволит реализовать ключевые аспекты развития лингвистического интеллекта обучающихся.

Ключевые слова: интеллект, лингвистический интеллект, язык, понятие, антропоцентрические исследования, когнитивно-концептуальное исследование, репрезентация, слово, прагматика, коммуникация.

A. ALTAY, A. ABYZOVA

Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan

LINGUISTIC INTELLIGENCE: AS A SCIENTIFIC CATEGORY

Annotation. Our article provides a comprehensive study of one of the main categories of the modern paradigm of science – the concept of «linguistic intelligence». In order to determine the scientific characteristics of the term, a research work consisting of several stages has been carried out. For the first time, an attempt was made to provide a systematic explanation of the concept in the context of Kazakh science. The structure of the concept is presented by comparing various scientific data.

The study examines the formation of the concept of «linguistic intelligence». Based on the chronological principle, the problem of introducing a category into scientific terminology is investigated. Specific differences of the concept were established. The theoretical foundations have been comprehensively analyzed and given in a systematic manner. The main linguistic competencies and forms of implementation included in the structure of linguistic intelligence are identified.

Due to the urgency of the language problem, one of the main tasks at present is a comprehensive study of the concept we are considering. In our study, defining the basic nature of linguistic intelligence, we propose the basics of its systematic consideration. Further study of the concept will make it possible to realize key aspects of the development of linguistic intelligence of students.

Keywords: intelligence, linguistic intelligence, language, concept, anthropocentric research, cognitive-conceptual research, representation, word, pragmatics, communication.

References

1. Äleumettanudyñ tüsındırme sözdıgı // URL: <https://sozdikqor.kz/soz?id=147009&a=INTELLEKT> (qaraldy: 03.04.2025).
2. Nürğaliev R. Filosofıalyq sözdık. 1996 // URL: <https://sozdikqor.kz/soz?id=147211&a=Aqyl%20nemese%20%C4%B1ntellekt> (qaraldy: 03.04.2025).
3. Momynova B., Süierqılova B., Fazyıljanova A. Qazaq ädebi tılıññ sözdıgı. 2011 // URL: <https://sozdikqor.kz/soz?id=204027&a=Intellekt> (qaraldy: 04.04.2025).
4. Garner G. Struktura razuma: teoria mnojestvennogo intelekta. – M.: Viläme, 2007. – 801 s.
5. Chernigovskaia T.V., Allahverdov V.M., Korotkov A.D., Gerşkovich V.A., Kireev M.V., Prokopenä V.K. Mozg cheloveka i mnogoznachnost kognitivnoi informasii: konver-gentnyi podhod // Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. Filosofia i konfliktologiya. – №36(4). – 2020. – B. 675–686. URL: <https://doi.org/10.21638/spbu17.2020.406>

6. Baitürsynұлы A. Alty tomдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: El-şejire, 2013. – 384 б.
7. Äbu-Nasyr äl-Farabi: 7 tomдық жинағы. T 2: Filosofialyq traktattar – Алматы: Halyqaralyq Abai kluby, 2019. – 224 б.
8. Äbu-Nasyr äl-Farabi: 7 tomдық жинағы. T 1: Qaiyrymdy qala – Алматы: Halyqaralyq Abai kluby, 2019. – 248 б.
9. Balasağün Jüsip. Qütty bılk. Köne türk tılınen audarğan, alğy sözi men tüsinikterin jazğan A. Egeubai. – Алматы: Öлке, 2006. – 640 б.
10. Jūmabaev M. Şyğarmalar (ädebi basylym). 2- tom Äñgime, ğylymi eñbek, audarmalar, jarialanbağan öleñder / Qūrast. S.Jūbaniazov. – Алматы: Jazuşy, 2013. – 376 б.
11. Baitürsynұлы A. Tıl-qūral. – Astana: Alaşorda, 2022. – 384 б.
12. Syzdyq R. Söz qūdireti. Köptomdyq şyğarmalar jinaғы. – Алматы: El-şejire, 2014. – 295 б.
13. Sternberg R. Beyond IQ: A triarchic theory of human intelligence. – Cambridge: Cambridge University Press, 1987. – 411 p.
14. Fernando F. Zablotkaya K. Minker W. Text categorization methods for automatic estimation of verbal intelligence // Expert Systems with Applications. – 2012. – № 39(10). – P. 9807-9820. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.eswa.2012.02.173>
15. Cianciolo A., Sternberg R. Intelligence: A brief history. Blackwell Publishing, 2008. – 187 p.
16. Nikolaev B. McGee J. Relative verbal intelligence and happiness // Intelligence. –2016. – P. 1-7. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.intell.2016.09.002>
17. Schipolowski S. Wilhelm O. Schroeders U. On the nature of crystallized intelligence: the relationship between verbal ability and factual knowledge // Intelligence. –2014. – P. 156-168. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.intell.2014.05.014>
18. Taubaev Zh.T., Sultan Y., Dautova G.R. The role of artificial intelligence in forming stereotypes in intercultural communication // Bulletin of the Eurasian humanites institute. – 2025. – №1. – P. 185-195. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.18>

Авторлар туралы мәлімет:

Алтай Айдын Алтайұлы – І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің докторанты, Талдықорған, Қазақстан.

Алтай Айдын Алтайұлы – докторант Жетысуского университета имени И.Жансугурова, Талдықорған, Казахстан.

Altay Aidyn Altayuly – doctoral student Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan.

Абызова Айна Маратовна – философия докторы (PhD), І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқытушы-дәріскері, Талдықорған, Қазақстан.

Абызова Айна Маратовна – доктор философии (PhD), преподаватель-лектор Жетысуского университета имени И.Жансугурова, Талдықорған, Казахстан.

Abyzova Aina Maratovna – Doctor of Philosophy (PhD), lecturer at Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan.